

Халықаралық «Мирас» мектебі



ОҚУШЫЛАР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАСШЫЛЫҚ



БАСТАУЫШ МЕКТЕП

2017-2018
ОҚУ ЖЫЛЫ

Мазмұны

Бастауыш мектеп директорының құттықтау сөзі	3
Халықаралық Бакалавриаттың мүддесі	4
Халықаралық “Мирас” мектебінің мүддесі	4
Халықаралық “Мирас” мектебінің философиясы	4
Мектеп жайлы қысқаша мәлімет	5
Студент Келбеті	
Бастауыш мектепті ұйымдастыру	6
Қоңыраулар кестесі	7
Мектеп күні	8
Мектепке келу	9
Мектепке қабылдау саясаты	10
Мектептегі үйірме қызметі	10
Ассамблеялар	10
Мерекелер мен іс-шаралар	10
Жиналыстар	11
Таңертеңгі кофе-сұхбат	11
Студенттердің киім кию үлгісі	12
Саяхаттар	12
Денсаулық сақтау	12
Үй тапсырмалары саясаты	13
Мектеп кітапханасы	13
Қауіпсіздік қызметі	14
Студенттер кеңесі	14
Басқа да ережелер	14
Бастауыш мектептің 2017-2018 оқу жылындағы бағдарламасы	15
Оқу бағдарламасы	16
Студенттерді қолдау бағдарламасы	17
Бағалау мен есеп беру	17
Студент күнделігі	17
Плагиат	17
Бастауыш мектептің оқу бағдарламасы (РУР), ары қарай - ақпараттар	17
Бастауыш мектеп ата-аналары мен мұғалімдері Қауымдастығы	19
Мектеп күнтізбесі	20



Құрметті ата-аналар мен студенттер!

Бастауыш мектеп ұжымының атынан барлық жаңа студенттер мен ата-аналарына сәлем жолдаймын. «Мирас» мектебіне жазғы каникулдан қуанышты көңіл күймен оралған студенттерімізбен қайта қауышу да мен үшін аса қуанышты сәт!

Мен жыл бойы барлық ынта-жігеріммен өздеріңізбен ынтымақтаса жұмыс істейтін боламын. Біз сіздермен бірлесе отырып, оқып білім алуға ынтаны оятатын оқу ортасын жасаймыз және оны қолдаймыз!

Бұл анықтамалық басшылық Балаңыз бен құрметті ата-ана, Сізге арналған. Бұл басшылық сіздерге мектепте жақсы бейімделуге көмек беретін ақпаратты мазмұндайды. Егер қандай да бір сұрақтар туындап жатса, онда мұғалімге немесе әкімшілік қызметкерлеріне түсіндіріп беруі үшін өтініш жасауыңызға болады. Сіз қызығушылық танытқан барлық сұрақтарға жауап беруге және мектебімізді жақсарту жолындағы ұсыныстарыңызды тыңдап, қабыл алуға қашан да дайынбыз.

Сондай-ақ қолымызда оқу бағдарламасы бойынша басшылық бар, мұнда оқу процесіндегі әрбір жеке пән саласы бойынша жалпы күтілетін нәтижелер көрсетіледі, сондай-ақ сабақ беру, оқыту және бағалау әдістемесіне қатысты ақпараттар беріледі.

Жаңа оқу жылында жақсы табыстарға жете беріңіздер!

Ізгі ниетпен

Ания Диер

Бастауыш мектеп директоры
Халықаралық «Мирас» мектебі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ (ІВ)

Халықаралық Бакалавриат Ұйымы басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін бағалауға және құрметтеуге негізделген лайықты әлемді құруға қабілетті, үйренуге құштар, сауаты жоғары және қағылез жастарды тәрбиелеуге үлес қосады.

Ұйым мектептермен, үкіметтермен, түрлі халықаралық ұйымдармен халықаралық білім берудің жоғары стандарттарын және дұрыс бағалаудың жүйесін әзірлеу мақсатында ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Халықаралық Бакалавриат Ұйымы Бағдарламалары оқушылардың белсенді өмірлік орны бар тұлға болуға, өмір бойы білім алуға ұмтылатын, өзінің көзқарасынан айырмашылығы бар көзқарастарды сыйлай білетін, сүйіспеншілік пен төзімділік танытатын тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.



Халықаралық «Мирас» мектебінің мүддесі

Халықаралық «Мирас» мектебі студенттерге Халықаралық Бакалавриат және ҚР МЖМБС талаптары мен тәжірибесін интеграциялау негізінде оқыту деңгейіне қарай қазақ, ағылшын, француз, орыс тілдерінің бірін таңдау құқығымен жоғары сапалы көптілді білім беруді қамтамасыз етеді. Француз бөлімшесіндегі оқу француз және қазақстандық стандарттарға негізделген. Мектепшілік қарым-қатынас тілі – ағылшын тілі. «Мирас» өмір бойы білім алуға қабілетті, саналуан мәдениеттерді қабылдай және құрметтей алатын әрі әлемдегі оңтайлы өзгерістерге септігін тигізе алатын студенттерді даярлайды.

Алматы қаласы, Халықаралық “Мирас” мектебінің философиясы

Студенттердің Халықаралық «Мирас» мектебінен алған білімдері шынайы өмірмен байланысты және қолданбалы сипатқа ие. Халықаралық «Мирас» мектебі оқушылардың санасында қоғамдық келісім мен бірлік рухы туралы түсініктің қалыптастырылуына ықпал етеді. Халықаралық «Мирас» мектебі оқытудың жоғары стандарттарын жетілдіру үстінде үнемі жұмыс істейді.

Біздің бағдарламаларымыз бен іс-тәжірибеміз келесі тұжырымдарға негізделген:

Студенттердің жеке қасиеттерін дамыту

Жан-жақты білім беру бағдарламасы әлеуметтік, интеллектуалды, физиологиялық және эстетикалық жағынан үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырады. “Мирас” мектебінде студенттердің өз мүмкіндіктерін дамытумен қоса, өмірге деген оң көзқарас, адалдық, өзге ұлттар мәдениеті мен дара тұлғаны құрметтеу сияқты әлеуметтік және жалпы білім беру нысаналарын қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған.

Студенттерді тәрбиелеудің әлеуметтік-мәдени аспектісі

Біздің мектепте өзге ұлттар мәдениетін құрметтеу сезімі қалыптастырылады және азамат құқықтары жайлы жалпы түсінік беріледі. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасында оқи бастаған біздің әр студентіміз ұлтаралық сыйластыққа негізделген қарым-қатынас арқылы өзін көпұлтты отбасының мүшесі ретінде сезіне бастайды. Қазақ тілі мен ұлттық мәдениетіміздің маңыздылығын ескере отырып, біз оларды дамыту үшін бар күшімізді салып отырмыз.

Қажетті білім деңгейіне жету үшін білім алудың әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану

Мектептегі сапалы білім беру жүйесі әр студентті оның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты оқытумен қоса, жеке қабілеттерді дамытуға да негізделеді.

Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері

Мектептің ең сапалы оқу бағдарламалары дайындық деңгейлері әр түрлі студенттердің мұқтаждықтарын мейлінше қанағаттандыруға бағытталған, әр алуан оқыту әдістемелеріне негізделген. Бұл әдістемелер студент бойында шығармашылық, өздігінен ойлау, дүниетанымдық қабілеттерін дамыту мен тәрбиелеуде зор септігін тигізеді.

Жоғары маманданған педагогикалық ұжым

Халықаралық «Мирас» мектебінің мұғалімдері – әр білім алушыға бойындағы қабілеттерін дамытуға көмектесе алатын, жоғары сапалы білім беретін, өз ісіне жетік, білікті мамандар. «Мирас» мектебі өзінің педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіптік деңгейінің жетілдіруіне ұдайы көңіл бөліп отырады.

«Мирас» ұжымы – пікірлестер бірлестігі

Халықаралық «Мирас» мектебі өз мүшелерінің бойында жауапкершілік пен белсенді азаматтық көзқарасты дамыту мен тәрбиелеуге шақыратын мұғалімдер мен көмекші қызметкерлер құрамының, ата-аналар мен оқушылардың мықты да ұйымшыл бірлестігі болып табылады. Біз ата-аналардың мектеп өміріне белсене қатысуын қолдаймыз және әр түрлі қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас жасауға талпынамыз.

Оқу-тәрбие процесі мүшелерінің жауапкершілігі туралы

Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, студенттер мен ата-аналар жоғарыда айтылған білім беру және тәрбие мәселелерін бірге шешеді және оқу-тәрбие процесінің нәтижелеріне бірдей жауап береді.

Жабдықтар мен қорлар

Халықаралық «Мирас» мектебінде қауіпсіздік шаралары қатаң қадағалынады және оқушыларға физикалық жетілу мен шығармашылық қабілеттерді дамыта отырып, сапалы білім беру үшін барлық жағдайлар жасалынған.



«Мирас» мектебі туралы қысқаша мәлімет

Алматы қаласы, Халықаралық «Мирас» мектебі «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры» Қоғамдық қорының филиалы болып табылады. Мектеп 1999 жылы Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа моделін жасау мақсатымен құрылған. Халықаралық «Мирас» мектебі - Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ену мәселесімен байланысты ҚР Білім және Ғылым министрлігінің тәжірибе алаңы болып табылады.

Студент Келбеті

Халықаралық бакалавриат Ұйымының үш бағдарламасының (IB PYP- бастауыш мектеп бағдарламасы), (IB MYP– орта мектеп бағдарламасы), (IB DP - Дипломдық бағдарлама) өзегі – Студент Келбеті болып табылады. Бұл Студент Келбеті бойынша берілген жеке қасиеттер тізімі идеал студентті сипаттауға шақырмайды. Оны тұлғаның интернационалдық саналы болып қалыптасуы үшін өмірге жасаған саяхат картасы деп қабылдау керек. Студент Келбеті мектепті тұтас алып қарағандағы жалпы көзқарас болып табылады және оқытудың қолайлы жағдайын ұйымдастыруға көмектеседі.

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы оқушыларының бойында төмендегі қасиеттер болады:

Ізденімпаздар. Олардың бойында табиғатынан қалыптасқан ізденімпаздық қасиеті бар PYP студенттері. Олар өз бойында белгілі бір бағытта зерттеу жұмыстарына керекті дағдылар жинаған. Білім алуға құштар және оған деген сүйіспеншілік студенттердің бойында өмір бойы сақталады.

Ойшылдар. Олар қиын проблемаларды шешуде және шешім қабылдауда, шығармашылық және сыншыл ойлау қабілеттерін іс жүзінде пайдаланатын PYP студенттері.

Ашық мінезділер. Олар ой-пікірлер мен хабарларды қабылдай алады, өз ойларын бір тілде ғана жеткізіп қоймайды, математикалық символдардың тілін де пайдаланып сөйлей алады.

Батылдар. Олар қайсар, өз ойларын айқын жеткізіп, оны қорғай алатын PYP студенттері. Олар белгісіз жағдайларға толқусыз батыл кіріседі, жана зерттеулер кезінде өзіне сенімді болады.

Білгіштер. Олар мектепте уақытының көбін өткізіп, керекті және маңызды тақырыптарды толығымен зерттейтін PYP студенттері. Олар білімнің негізін меңгереді.

Қағидашылар. Олар – моральді таным қағидаларының дұрыс түсінігін бойына қалыптастырған PYP студенттері. Олардың бойында біртұтастық, әділдік, шыншылдық қасиеттер бар.

Қамқоршылар. Басқа адамдардың сезімі мен мұқтаждығына сезімталдық көрсететін PYP студенттері. Олардың бойында іс пен қызмет алдындағы жауапкершіліктері бар.

Кең көзқарастылар. Олар түрлі көзқарасты мойындап, басқа адамдардың мәдениеті мен көзқарасын және салт-дәстүрлерін сыйлайды.

Салмақтылар. Олар сана-сезім мен күш-қуат ара салмақ теңгерімі мен жеке бастың қам-жағдайын түсінеді.

Сарапшылар. Олар өз білімдерін бағалап, жақсы-жаман жақтарын ажырата біледі.

Бастауыш мектепті ұйымдастыру

Бастауыш мектеп 3 деңгей бойынша жұмыс істейді:

Балалар бақшасы – 3-тен 5 жасқа дейін

Мектепалды – 5-тен 6 жасқа дейін

1-5-сыныптар – 6-дан 11 жасқа дейін

Балабақшада 3-4 жас мөлшеріндегі балалар білім және тәрбие алады. Мұнда әр деңгей үш сыныпқа бөлінеді, мұнда 3 жастағылар: А3, К3 және 4 жастағыларға арналған сыныптар: А4, В4, К4. Мектепалды даярлықта 5 жастағы балалар білім алады. Бұл деңгей де үш сыныпқа бөлінеді: КГА, КГВ және КГС.

1-5 сыныптарда ұйымдастыру құрылымы бірқатар өзгеше. Әр сабақта студенттерге сабақ жүргізілетін тілді таңдау мүмкіндігі болады, олар: қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі.

Бастауыш мектепті ұйымдастыру

Сынып	Ағылшын / орыс тілінде оқыту	Оқу орыс тілінде жүргізіледі	Оқу қазақ тілінде жүргізіледі	Оқу ағылшын тілінде жүргізіледі
Балабақша	А3	А4	К3 и К4	
Мектепалды	КГВ	КГА	КГС	
1 сынып		1А, 1В,	1С	1D
2 сынып		2А & 2В, 2F	2С	2D
3 сынып		3А, 3В & 3F	3С	3D
4 сынып		4А, 4В & 4F	4С	4D
5 сынып		5А & 5 В	5С	5D

Сыныптағы студенттер саны

Бастауыш мектептің әр сыныбындағы студенттер саны 22-ге дейін болады. Балабақша тобындағы адам саны 20-ға дейін шектеулі.

Бастауыш мектептегі қоңыраулар кестесі

Балабақша кестесі

А3 және К3		А4 және К4	
08:00-09:15	Сабақ	08:00-09:15	Сабақ
09:15-09:35	Таңғы ас	09:20- 09:40	Таңғы ас
09:35- 10:00	Таза ауадағы ойын	09:40-10:10	Таза ауадағы ойын
10:00-10:40	Сабақ	9:40-11:00	Сабақ
10:40-10:50	Дәруменді үзіліс	11:00-11:10	Дәруменді үзіліс
10:50-11:30	Сабақ	11:10-12:00	Сабақ
11:30-12:30	Таза ауадағы ойын	12:00-12:40	Таза ауадағы ойын
12:30-13:00	Түскі ас	12:40-13:00	Түскі ас
13:00-15:00	Ұйқы сағаты	13:10-15:00	Ұйқы сағаты
15:20- 15:40	Түстен кейінгі ас	15:20- 15:40	Түстен кейінгі ас
15:40-16:40	Сыныптағы шығармашылық уақыты/ойындар	15:40-16:40	Сыныптағы шығармашылық уақыты/ойындар
16:40-17:00	Кешкі ас	16:40-17:00	Кешкі ас
17:00-18:00	Таза ауадағы ойын	17:00-18:00	Таза ауадағы ойын

Пән мұғалімдерімен өткізілетін сабақ.

Оқушылар музыка бойынша 3 сабаққа, дене шынықтыру бойынша 2 және биден 2 сабаққа қатысады.

Бастауыш мектеп кестесі

1- 5 сыныптар		Мектепалды	
8:00 – 8:40	1 сабақ	8:00 – 8:40	1 сабақ
8:40 – 9:20	2 сабақ	8:40 – 9:20	Таңертеңгі тамақ
9:20-10:00	Таңертеңгі ас	9:20-10:00	2 сабақ
10:00-10:40	3 сабақ	10:00-10:40	3 сабақ
10:45-11:25	4 сабақ	10:40-10:50	Дәруменді үзіліс
11:30-12:10	5 сабақ	10:50-11:25	4 сабақ
12:10-12:50	Түскі ас	11:30-12:00	5 сабақ
12:50-13:30	6 сабақ	12:00-12:50	Түскі ас
13:35-14:15	7 сабақ	12:50-13:30	6 сабақ
14:20-15:00	8 сабақ	13:35-14:15	7 сабақ
15:00-15:15	Түстен кейінгі ас	14:20-14:45	Түстен кейінгі тамақ және сынып сағаты
15:30 – 16:20	Сабақтан тыс әрекет (Сейсенбі және бейсенбі)		

Мектеп күні

Балабақша

Балалар бақшасында, В4 тобына қарағанда өзгешелігі, мектеп күні таңертеңгі 8:00-да басталып, кешкі 18:00-ге дейін созылады. В4 тобында мектеп күні таңертеңгі 8:00-да басталады да 14:00-де аяқталады. Бұл осы топтағы студенттердің ұйқы сағаты ескерілмегендігіне байланысты болады.

Мектепалды

Студенттер мектепке таңертеңгі 8:00-де келеді де, 15:00-ке дейін сабақ оқумен айналысады, осыған орай ата-аналар балаларды түстен кейінгі астан кейін 15:15-тен кеш қалмай алып қайтуы қажет.

1- 5 сынып

1- 5 сыныптар үшін мектеп күні таңертеңгі 8:00-де басталып, 15:00-де аяқталады, түстен кейінгі астан кейін ата-аналар 15:30-да балаларды алып қайтуы тиіс. Сәрсенбі сайын сабақтар 14:20-да аяқталады, бұл кезде мұғалімдерге кәсіби даму бойынша семинарға қатысуға мүмкіндік берілуі тиіс.

Мектепке келу

Сабаққа үнемі қатысатын студенттердің жақсы нәтижелерге жетері сөзсіз. Оқу жылын аяқтаған кезде студент мүмкіндігіне қарай сабақта жібермеуі тиіс және оқу жылы бойы студенттің сабаққа қатысуы 80%-ды құрауы тиіс. Отбасылық каникулдарыңыз бен кездесулеріңізді алдын ала жоспарлап қойыңыздар, бұл сіздің баланыңыздың оқу кестесіне өзгеріс жасамауға мүмкіндік береді.

Студенттер мектепке 7:55-тен кеш қалмай келуі тиіс, бірінші сабақ 8:00-де басталады. Таңертеңгі сағат 7:45-ке дейін балаларыңызды мектепке жібермеуіңізді өтінеміз, себебі сол кезге дейін оларды қадағалай алмаймыз. Студенттер мектепте 15:15-ке дейін болады, мектептен осы уақыт аралығында тек арнайы рұқсат қағазы бар студенттер ғана кете алады. Оқу күні аяқталған соң балаларды көрсетілген уақытты қатаң сақтай отырып алып кету қажет.

Кешігулер

Сабаққа ұдайы кешігу баланың және басқа да студенттердің сабақ үлгеріміне теріс әсерін тигізеді, сабақ үлгерімін төмендетеді. Мұғалімдер күнделікті 8:00-де студенттердің сабаққа қатысу есебін жүргізеді және осы мақсатқа арналған журналға тізімді жазады. Егер студенттер сабаққа жиі кешігетін болса, онда бұл жағдай тәртіп бұзушылық ретінде қарастырылып, Мектептің тәртіп саясатына сәйкес студент жазасын алады. Кешігу саны үлгерім бойынша мектептің есебінде көрсетілетін болады.

Егер сізге баланы күндізгі уақытта үйге әкету қажет болатын болса, онда бұл жөнінде сынып жетекшісін алдын ала хабардар етіңіз. Бұл жағдайда студентке мектеп әкімшілігінің жетекшісі қол қойған арнайы рұқсат қағаз беріледі.

- | | |
|---|-----------------------------|
| • Балабақша: балабақша үйлестірушісі | Рита Дүйсенбаева ханым |
| • Мектепалды: мектепалды үйлестірушісі | Динара Рысмағамбетова ханым |
| • Бастауыш мектеп: Директор | Аниа Диэр ханым |
| Директордың орынбасары | Гүлзария Мырзаканова ханым |

Студентке берілген рұқсат қағаз мектеп аумағынан шығар кезде күзет қызметкеріне көрсетіледі. Студенттерге сынып жетекшісінің рұқсатынсыз мектеп аумағынан шығуға тыйым салынады.

Сабаққа қатыспау

Ата-аналар баласының қайсыбір себеп бойынша сабаққа келмейтіні туралы мектеп хатшысын хабардар етуі тиіс. Егер ата-аналар алдын ала хабардар еткізбесе, онда мектептің өзі үйіңізге хабарласады. Ауырғанына байланысты сабаққа қатыспау медициналық анықтаманың болуымен расталуы керек. Жиі сабаққа қатыспау және ұдайы бағдарлама талаптарын орындамау студентке қосымша тапсырмалар берілуіне немесе студентті екінші жылға қалдыру қаупіне алып келуі мүмкін.

Көлікті қою

Сіз мектепке келген кезде көлігіңізді бастауыш мектептің көлік тұрағына қалдырыңыз.

Мектепке қабылдау саясаты

Мектепке қабылдау саясаты студенттерді мектепке қабылдау процедурасы бойынша бекітілген басшылықты қамтиды. Мектепалдыдан 5-сыныпқа дейінгі студенттер ана тілі мен математиканы меңгергені бойынша тестіленеді. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі мектептің орнықтырылған өту ұпайына сәйкес келуі тиіс. Студенттерді орналастыру олардың 1-ші қарашадағы толық жасын ескере отырып жүргізіледі.

Сынып

Баланың 1-қарашадағы толық жасы:

Балабақша (орта)	3 жас
Балабақша (ересек)	4 жас
Мектепалды	5 жас
1 сын.	6 жас
2 сын.	7 жас
3 сын.	8 жас
4 сын.	9 жас
5 сын.	10 жас

Үйірме жұмыстары

Сыныптан тыс әрекет аптасына екі мәрте, сейсенбі және бейсенбі күні, сағат 15:30-дан 16:20-ға дейін жүргізіледі. Өз қалауыңызға қарай келесі үйірмелер мен шаралар ұсынылады: арт, колөнері, спорт, шынға өрмелеу, ақпараттық технологиялар, шахмат, би, драма, хор, шешендік өнер, шет тілдері және жүзу. Ата-аналар мен студенттер жаңа тоқсан/ жаңа семестрдің алғашқы айының ішінде ұсынылатын барлық үйірмелер туралы хабардар етіледі.

Ассамблеялар

Ассамблеялар – оқудағы табыстарды атап өту үшін жылдар бойы мектеп ассамблеясы өткізіліп келеді. Мектеп салтанаттарында ата-аналарымызбен жүздесуге әрқашан қуаныштымыз.

Мерекелер, шаралар

Мектепте Алғашқы қоңырауға, Соңғы қоңырауға, Наурызға, Мұғалімдер Күніне, Жаңа жылға арналған түрлі іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізіледі. Бастауыш мектептегі айрықша мерекелер: Халықаралық Әйелдер Күніне (наурыз) арналған және 5-сыныптың жеке жұмыстарының көрмесі (сәуір/мамыр) ұйымдастырылады.

Мектепалды мен балабақшада туған күнді атап өту

Балаңыздың туған күнін мектепте атап өткіңіз келсе, онда бір апта бұрын бұл турасында сынып жетекшісі мен мектеп дәрігерін хабардар етуіңіз керек, сосын арнайы үлгіні толтырып, алда болатын шараны және ас мәзірін бірлесіп талқылауларыңыз керек болады.

Проведение дня рождения в детском саду, предшколе и начальной школе.

Біздің мектептің негізгі мақсаты қауіпсіз және оңтайлы қоршаған ортада білім беру болып табылады. Бала өміріндегі ең елеулі кезеңнің бірі – оның туған күнін мерекелеу. Аталмыш мерекенің Сіз үшін де, бала үшін де аса маңызды екеніне келісеміз.

Балабақша, мектепалды, бастауыш мектепте туған күнді мерекелеуге қатысты келесідей тәртіп әрекет етеді: алда болатын шара туралы бір апта бұрын алдын ала директордың бастауыш мектеп бойынша оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары мен мектеп дәрігерін хабардар ету қажет. Сіздер бірлесе отырып мерекелік ас мәзірі мен мереке жоспарын талқылай аласыздар. Туған күнді тек қана туған күн иесі оқитын сыныпта түстен кейінгі ас кезінде 20 минуттан аспайтын уақыт аралығында мерекелеуге рұқсат етіледі. Балабақша мен мектепалдыдағы туған күндер олардың асханасында өткізіледі.

Бастауыш мектепте шағын мерекені асханада өткізу үшін рұқсатты директордың бастауыш мектеп бойынша оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары мен асхана меңгерушісі береді. Мектептегі туған күнді тек қана туған күн иесі мен оның сыныптастары мерекелейді. Біз балаларға үйден әкелген пакеттен кәмпит, басқа да тәттілерді алып шығып беруге жол бермейміз. Туған күнді мерекелеуге ең лайықты жақсы жер, әрине, өз үйіңіздің төрі.

Осы кезде бөгде адамдардың келуіне және басқа да шаралар мен сауықтар түрлерін өткізуге тыйым салынады.

Ақпараттар

Ата-аналарға арналған семинарлар

Мектеп ата-аналарға арнап ұдайы семинарлар өткізеді, мұнда ата-аналар мектеп бағдарламалары туралы ақпараттар алады. Мұнда бағдарламаның мазмұны, сабақ беру әдісі мен бағалау әдістері талқыланады. Бұл семинарлар, ата-аналар үшін танымды және тартымды болады деп сенеміз.

Мұғалімдер мен ата-аналар жиналысы

Біз ата-аналармен, сондай-ақ мұғалімдермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз. Егер сізге баланың оқу үлгеріміне қатысты қайсыбір мәселені шешіп алу қажет болса, онда мұғаліммен болатын кездесуді алдын ала жоспарлауыңыз қажет және оны өткізуге мұғалімге де, ата-анаға да қолайлы болатын нақты уақыт белгіленуі тиіс.

Байланыс орнату

Мектепте мәселелерді талқылау жүйесі әзірленген. Егер сіздің қандай да бір сұрағыңыз туындаса, алдымен мұғаліммен сөйлесіп алыңыз, тек содан кейін ғана осы мәселе бойынша мектеп директорымен сөйлесесіз. Егер берілген жауап сізді қанағаттандырмаса, онда Мектеп Директорымен сөйлесе аласыз.

1. Егер сіздің балаңыздың оқуына байланысты проблемалар туындаса, сынып жетекшісімен сөйлесіңіз.
2. Егер баланың эмоционалдық немесе жалпы көңіл-күйіне байланысты проблемалар туындаса, бастауыш мектеп психологымен немесе сынып жетекшісімен сөйлесіңіз.
3. Егер алдыңғы екі пункт те проблеманы шешуге көмектесе алмаса, онда сізге бастауыш мектептің директорымен сөйлесуге болады.
4. Егер сіздің сұрағыңыз бұрынғыша шешілмесе немесе оны шешу тек Мектеп Директорының құзыретінде болатын болса, онда бастауыш мектеп хатшысымен кездесу өткізетін уақытты белгілеу туралы сөйлесесіз.

Мектеп хатшысымен хабарласып (тел: 227-69-42), директормен кездесу уақытын белгілеуді сұраңыз.

Таңертеңгі кофе-сұхбат

Бастауыш мектеп әкімшілігі барлық ата-аналар мен мұғалімдерді, егер олардың бос уақыттары болса бастауыш мектептің ғимаратында өткізілетін таңертеңгі кофе-сұхбатқа шақырады. Басталуы - сағ. 8.10, өткізілетін күні – әр аптаның соңғы бейсенбісі. Өзіңізді қызықтыратын сұрақты талқылауға, оқу процесіне қатысты өз ұсынысыңызды білдіруіңізге мүмкіндігіңіз бар. Таңертеңгі кофе-сұхбат кезінде сіз әкімшілік мүшелерімен жеке жолығып та сөйлесуіңізге болады.

Мектеп директорымен кездесу

Әр бейсенбі сайын таңертеңгі 9:00-10:00 аралығында мектеп директорымен бірге кофе іше отырып бейресми достастық жағдайда әңгімелесе аласыздар.

Офис телефоны

Студенттерге офис телефонын қолдану тек шұғыл жағдайда ғана рұқсат етіледі. Досқа қоңырау шалу шұғыл жағдай категориясына кірмейді.

Ұялы телефон

Бастауыш мектеп студенттеріне өздерімен бірге ұялы телефонды мектепке алып келуге рұқсат берілген, бірақ олар келесі ережені қатаң сақтауы тиіс:

- Телефонды тек мектеп күнінен соң пайдалану, атап айтқанда 15:15-тен кейін.
- Барлық сабақ үстінде телефон сөндірулі болуы керек.
- Студент әкелген телефонына өзі жауапкершілік атқарады. Мектеп телефонның жоғалғанына жауап бермейді.

Егер жоғарыда ескерілген ереже бұзылатын болса, онда мұғалім телефонды тәркілеп алады да, оны тек оқу күнінің соңында ғана Тәртіп Саясаты ережесіне сәйкес иесіне қайтып береді. Егер студент тәртіп бұзатын болса, онда оған мектепке ұялы телефонды әкелуге тыйым салынады.

Студенттердің киім кию үлгісі

1-5 сынып студенттері түгел міндетті түрде мектептің арнаулы киім үлгісінде жүруі тиіс. Егер мектеп киім үлгісіне байланысты сұрақтарыңыз болса, негізгі мектептің офисімен байланысыңыздар. Мектепалды мен балабақша студенттеріне арнайы киім үлгісі қарастырылмаған.

Дене шынықтыру, жүзу, би сабақтарына қарастырылған киім үлгісі :

- Дене шынықтыру сабағына: спорт аяқ киімі, шорты/шалбар, футболка
- Жүзу сабағына: шомылатын арнаулы киім (купальник/плавки), резіңке бас киім, сланцтар
- Би сабағына: қысқа шалбар (шорты)/юбка/гимнастика сабағына арналған костюм, чешкілер.

Саяхат

Саяхат - оқу процесінің маңызды бір түрі. Саяхат шарасы ұжымның ұйымдасуы мен студенттердің дүниетаным процесінің кеңеюі мен танымдық әрекеттердің дамуына септігін тигізеді. Саяхаттарға шығу кезінде Халықаралық «Мирас» мектебі оқушыларды көлік пен күзет қызметімен қамтамасыз етеді. Мұғалім саяхат жайлы ата-аналарды арнайы хат арқылы алдын ала хабардар етеді. Хатта саяхаттың мақсаты, баратын орны мен оның күні, уақыты, бағасы жазылады. Әр саяхатқа ата-аналар жазбаша түрде рұқсат беруі қажет. Ата-ананың жазбаша рұқсатынсыз мұғалім оқушыны

мектептен шығаруға құқысы жоқ. Әр саяхат алдында мұғалімдер қауіпсіздік техникасы мен көпшілік орындарда тәртіп ережелерін сақтау нұсқаулары бойынша жұмыстарын жүргізеді.

Денсаулық сақтау

Медицина қызметкері

Дәрігер мен медбике мектепте күнделікті жұмыс істейді, оларды негізгі мектептің жертөле қабатынан табуға болады. Мектепке баланы қабылдаған кезде бала бұрын ауырған ауруларының түрлерін көрсете отырып, оның ішінде аллергия, жиі ауыратын ауру түрлерін, қандай да бір түрлі азық-түлікті жеуге болмайтыны туралы, т.б. мәліметтер көрсетілген барлық қажетті медициналық анықтаманы әкелуі тиіс. ҚР Денсаулық Министрлігінің бұйрығына сәйкес жыл сайын егу тізімі болады. Ата-аналарға егу туралы алдын ала хабарлау қажет. Егер студентке қайсыбір дәрі-дәрмекті қабылдауға болмайтын және денсаулығының әлсіздігіне қарай егуге болмайтын болса, онда мектеп дәрігерін және сынып жетекшісін осы туралы хабардар етулеріңізді өтінеміз. Егер мектепте болатын уақыт барысында балаға отбасылық дәрігердің кеңесі бойынша дәрі-дәрмек қабылдау керек болатын болса, онда ішілуге тиісті дәріні ілеспе хатымен қоса беріп жіберіңіздер, мектепте медицина қызметкерлері баланың дәріні уақтылы ішуін қадағалап отырады. Хатта келесі нәрселерді көрсетіңіз:

1. Студенттің аты-жөні мен сыныбы
2. Дәрі, мөлшері, уақыты
3. Дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімі орамында көрсетілуі тиіс.

Егер бала жарақаттанып немесе ауырып қалса, онда медқызметкерлер сәйкес көмек көрсетеді.



Үй тапсырмасы

Үй тапсырмасы – оқушылардың оқу процесінде ең маңызды бөлігі болып табылады. Ол академиялық білім мен дағдыларды қолдауға бағытталған. Дегенмен, соңғы ғылыми зерттеулер 1-4 сынып оқушыларының үй тапсырмасын орындауы олардың оқу үлгерімін жақсартуға септігі тимейтінін көрсеткенін атап өту керек. Ең маңызды үй тапсырмасы – бұл баланың ересек адаммен берге өтілген материалды талқылауы, қарастыруы, баланың ата-анаға оқып беруі немесе керісінше ата-ананың оқып, баланың тыңдауы. Біз балаларыңызбен көбірек сөйлесіп, оларға көбірек оқып беруді ұсынамыз.

Үй тапсырмасы келесі мақсаттарға жету үшін бағытталады:

Математика : Автоматты санау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді;

Жазу: Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс жазу білімі мен дағдысын дамытады, мәтіндермен жұмыс істеудегі орфографиялық дағдысын қалыптастырады;

Таза жазу: тез жазуды, каллиграфиялық жазуын қалыптастырады, қолдың моторикасын дамытады;

Оқу: студентті өз дүниетанымын кеңейтуге ынталандырады, өзбетінше оқу дағдысын дамытады.

Үй тапсырмасын орындау тәртібі

Үй тапсырмасын орындауға жіберілетін уақыт мөлшері:

1 сынып	15 минутқа дейін жоғары + оқу
2 сынып	15 минутқа дейін + оқу
3 сынып	20 минутқа дейін + оқу
4 сынып	30 минутқа дейін + оқу
5 сынып	40 минутқа дейін + оқу

Егер балаңыз үй жұмысын орындау үшін берілген мөлшерден көп уақыт жіберіп жатса, үй тапсырмасының көлеміне өзгерістер енгізуі үшін күнделігіне жазып, мұғалімге (үй тапсырмасы көлеміне өзгерістер енгізе алуы үшін) мәлімдеуіңізге болады.



Кітапхана

Бастауыш мектептің кітапханасында орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде басылған кітаптың мол қоры жинақталған. Студенттер аптасына бір дегенде үш кітапқа дейін қолға ала алады. Кітап бүлінген және жоғалған жағдайда ата-аналар материалдық шығынның орнын толтыруы немесе жаңа кітаптың құнын төлеуі тиіс.

Қауіпсіздік

Күзет қызметі

Халықаралық «Мирас» мектебі студенттердің қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету және қолайлы жағдай жасау үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асырады. Мектеп аумағы бойынша орналасқан күзет қызметі тәулік бойы жұмыс істейді. Әр күзет қызметкерінің қолында қызметтік нұсқаулығы бар, сондай-ақ мектеп бейне-бақылау камераларымен жабдықталған. Қауіпсіздік жағдайына байланысты жағдаят орын алған жағдайда күзет қызметкерлеріне дереу хабарласуыңызды сұраймыз.

Кіріп-шығу бейджиктері

Барлық отбасына баланы мектептен алып кетуге құқы беретін ата-аналары мен қамқоршыларының аты-жөні көрсетілген арнаулы кіріп-шығу рұқсат қағазы беріледі. Осындай рұқсат қағазымен мектеп аумағына кіруге рұқсат етіледі.

Жер сілкініс және өрттен сақтану үшін жаттығулар жасау

Мектепте жерсілкініс және өрттен сақтану үшін жаттығулар ұдайы жүргізіледі. Студенттерді төтенше жағдайларда көшіру маршрутымен таныстыру үшін әр сыныпта көшіру ережесі баяндалған плакаттар ілініп қойылуы тиіс. Егер сіз мектепке төтенше жағдай кезінде келген болсаңыз, онда сіз осыған қатысты нұсқауды міндетті түрде сақтап, мектептің жиналатын орнына мұғалімдер мен қызметкерлермен бірге барып, «Мектепке келушілер» маңдайшасы орнатылған секторға барып тұруыңыз керек болады.

Студенттер кеңес

Студенттер кеңес мектептің студенттік өмірінің маңызды органы болып табылады. Оның міндеттері:

- Студенттік бастама мен әрекеттерді қолдау/мадақтау;
- Пікірталастың еркін демократиялық еркін үлгісі, пікірлер мен тәжірибелер алмасу арқылы түрлі көзқарасты білдіру және ымыраға келу;
- Студенттер мен мектеп әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ету;
- Мектеп қауымдастығын қолдау, шараларды ұйымдастыруға көмектесу;
- Студенттік шараларды өз бетінше ұйымдастыру.

Бастауыш мектептің Студенттер кеңесіне 2- 5 сыныптан әр сынып өкілдері сайланады. РҮР бағдарламасының үйлестірушісі мен бастауыш мектеп директорының орынбасарымен екі аптада бір рет кездесу өткізіледі.

Жүзу

1-5 сынып оқушылары жүзу сабағына бірінші семестр бойында аптасына бір рет барады. Оқушылар мектеп бассейніне бару үшін медқызметкерге медицина анықтамасын көрсетуі тиіс.

Басқа да ережелер

Таза ауада серуендеу

Таза ауада ойнау студенттің денсаулығы мен көңіл күйі үшін өте маңызды. Егер дәрігердің (отбасылық) ұсынысы бойынша балаға далаға шығуға болмайтын болса, онда серуендеуге арналған уақытта кітапханада өткізе алады. Бұл үшін ата-аналар сынып жетекшісіне ілеспелі хатты жазып,

онда студенттің далаға шықпауға тиіс күндері көрсетілуі тиіс. Студенттерге серуенге берілетін уақыттан артық кітапханада отыра беруіне болмайды.

Бастауыш мектептің бағдарламасы

Төменірек бағдарламаға қысқаша шолу жасалған. Барынша толық ақпаратты сіздер анықтамалық басшылықтан таба аласыздар, бұл құжат әр пәннің, әр деңгейдің мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін қамтиды. Жылдың басында біз барлық ата-аналарға осы құжаттың нұсқасын ата-аналар жиналысында береміз.

Халықаралық «Мирас» бастауыш мектебінің бағдарламасы 3 жастан бастап 11 жасқа дейінгі оқушыларға арналған, оның оқу жоспарында Қазақстан білім беру стандарты мен Халықаралық Бакалавриаттың РҮР бағдарламасының элементтері кіріктірілген. РҮР - халықаралық оқу бағдарламасы, оның негізгі міндеті оқушылардың мектепте, сондай-ақ күнделікті өмірде зерттеу дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл өмір бойы білім алуға ықпал ететін халықаралық көзқарас пен оңтайлы қарым-қатынасты меңгерген интернационалдық ой-санасы бар оқушыны қалыптастыруға көмектеседі. Баланы біртұтас дамыту (физиологиялық, ақыл-ой, эмоционалдық және этикалық жағынан) Оқушы Келбеті сипаттамасында толық баяндалған. Бастауыш мектеп бағдарламасы оқыту мен бағалаудың мазмұны мен әдістерін анықтайды. Оқытудың негізгі қадамы материалды барынша терең түсініп, меңгеруін қалыптастыруға ықпал ететін зерттеу арқылы жүзеге асырылады, оның бастамашылары - оқушылар немесе мұғалімдер.

Теңгерімді және біртұтас оқу жоспарын жасау үшін бес негізгі элементке назар аударамыз, олар барлық пәндерді оқыту процесінде жүзеге асырылады.

1. Тұжырымдық түсініктер
2. Білімді меңгеру
3. Дағдыларды меңгеру
4. Оңтайлы қарым-қатынастарды қалыптастыру



Тілдер

Тілдік қабілет барлық пәндер арқылы дамиды, әр пән бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. Баланың тілдік дамуы – білімнің негізгі көзі. Халықаралық «Мирас» мектебінің барлық тілдік бағдарламаларында тілдер арасындағы теңгерім сақталған (оқу, жазу, сөйлеу) және тіл туралы білім (грамматика, лексика, т.б.), математикалық, ғылыми, әлеуметтік түсініктерді тіл арқылы оқыту енгізілген. Халықаралық «Мирас» мектебінде білім үш тілде беріледі (қазақ, орыс, ағылшын

тілдері).

Қазақ тілі

Қазақ тілі барлық параллельдердің бір сыныбында, балабақшадан бастап 5 сыныпқа дейін оқыту тілдердің бірі болып табылады. Қазақ тілі басқа орыс сыныптарында мемлекеттік тіл ретінде оқытылады. Курстың басты міндеті - оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрін ескере отырып, мәдени құндылықтарымен таныстыру, қазақтың ұлттық мерекелері, ауызекі халық шығармашылығымен байланысты мәтіндерді оқыту.

Ағылшын тілі

Ағылшын тілі 1-5 сыныптарда оқыту тілдердің бірі болып табылады. Ағылшын тілі балабақшадан 5 сыныпқа дейін екінші тіл ретінде оқытылады.

Орыс тілі

Балабақшадан бастан 5-сыныпқа дейін оқыту тілдердің бірі болып табылады. Орыс тілі қосымша тіл ретінде қазақ тілді топтар мен сыныптарға және шетелдік студенттерге оқытылады. Екі бағдарлама да баланың тілдік әрекеттерінің: сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу сияқты барлық түрін дамыту

және жетілдіру негізінде тілдік құзыретті қалыптастыруға бағытталған. Тіл курсының басты міндеті тілді үйренуде және қарым-қатынас жасауда өзін еркін сезіну үшін өз пікірін, көзқарасын ауызша және жазбаша түрде пайымдау шеберлігін дамыту болып табылады. Ана тілі мен әдеби оқу курсына оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығы өсіп, олар қарапайым әдеби түсініктермен танысып, әр түрлі жанр мен бағыттардағы мәтіндермен жұмыс жасауға дағдыланады.

Математика

Сабақты жүргізу тілдеріне қарамастан әр сыныпта сабақ жүргізу мақсаты бірдей болады. Халықаралық «Мирас» мектебі Қазақстандық білім стандарттары мен Халықаралық Бакалавриаттың озық элементтерін бастауыш мектептің барлық сыныптарында оқу көрсеткіштерін арттыру мақсатында біріктірді. Студенттер мәліметтерді өңдеу, өлшеу, форма мен кеңістік, сандар, функциялар, мөлшер сияқты тақырыптарды оқып-үйрену, зерттеу процесінде білім жинап, дағдыларды меңгереді, сондай-ақ таным-түсінігі кеңейеді.

Қоғамдық ғылымдар

Қоғамдық ғылымдар Зерттеу бағдарламасымен бірге оқытылады. Зерттеу бағдарламасының әр тақырыбы бастауыш мектептің анықтамалық басшылығында көрсетілген.

Бастауыш мектептің 2017-2018 оқу жылына арналған бағдарламасы

Пәндерді бөлу

Пәндер	Сабақ саны															
	KG A KG B	KG C	1 кл A, 1B,	1 кл C	2 кл A, B,F	1 кл D1/2	2 кл C	3 кл A,B, F	3 кл C	3 кл D	4 кл A, B,F	4кл C	4 кл D	5 кл A, B	5 кл D	5 кл C
Қазақ тілі немесе тереңдетіліп оқытылатын ағылшын тілі	3	11	5	10	5	5	10	5	10	5	5	5	10	6	6	10
Ағылшын тілі	5	5	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
Орыс тілі	8	0	8	3	8	6	3	8	3	6	8	6	3	7	6	3
Француз тілі B						2				2		2			2	
Математика	5	5	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
Біз әлемді зерттейміз	5	5	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6
Бейнелеу өнері	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2
Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Хореография	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жеке, әлеуметтік және дене тәрбиесі	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Дене шынықтыру (жүзуді қоса алғанда)	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2
Ақпараттық компьютерлік технологияла	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

р																		
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Студенттерді қолдау Бағдарламалары

Мектепте студенттердің әлеуметтік дамуы мен оқу процесіндегі жүктемемен жұмыс істей алуына көмектесетін психолог және логопед мамандары жұмыс істейді. Ата-аналар психолог және логопед мамандарынан осындай қолдау беруін сұрай ала алады.

Мұғалімдер студенттің қазақ, орыс, екінші тіл ретіндегі ағылшын тілін меңгеруіне көмектесу үшін қосымша жұмыс істейді.

Емдеу дене шынықтыру (ЛФК) бағдарламасы дене тәрбиесі пәні бойынша негізгі топтан босатылған балаларға арналған. Емдеу дене шынықтыру (ЛФК) сабағы үшін медициналық көрсеткіші бар анықтама әкелу керек.

Бағалау және есеп беру

Бағалау студенттерді оқытуда, олардың үлгерімін және нәтижелерге қол жеткізуге деген ынтасын арттыруда үлкен рөл атқарады. Оқу процесінде жинақталған мәліметтердің арқасында біз бағдарламасының тиімділігін бағалай аламыз. Бастауыш мектеп (РҮР) бағдарламасы бойынша бағалау процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдер, бағалау стратегиялары мен есеп беру құралдары пайдаланылуы тиіс.

Үлгерім туралы есеп беру

Үлгерім туралы есеп беру оқу жылы барысында 4 мәрте, атап айтқанда: қазан және наурыз айларында - аралық; желтоқсан мен мамыр айында – қорытынды есеп беріледі.

Ата-аналардың қатысуымен өтетін студенттік конференциялар

Оқу жылының барысында ата-аналардың қатысуымен өтетін студенттік конференцияны 3 мәрте өткіземіз, мұнда студенттің оқу үлгерімі мен әлеуметтік дамуы талқыланады. Сіздерге қол жеткізген жетістіктер туралы егжей-тегжейлі ақпарат беріледі, өзіңізді қызықтыратын сұрақ бойынша мұғалімдерден, мамандардан, психологтар мен логопедтерден кеңес ала аласыздар. Конференциялар әдетте екінші семестрде өткізіледі.

Оқушылардың күнделігі

1 сыныптан 5 сыныпқа дейінгі студенттер күнделігінде үй тапсырмасы ұдайы және мұқият жазылуы тиіс.



Көшіру және плагиат

Көшіру мен плагиат айтарлықтай тәртіп бұзушылық болып табылады және бастауыш мектепте бұған жол берілмейді. Көшіріп алу немесе көшірілген жұмыстар қанағаттандырылмайтын жұмыстар болып есептеледі. Осындай жағдайлар орын алғанда ата-аналарға хабар беріледі.



Бастауыш мектептің оқу бағдарламасы туралы басқа да ақпараттар

ІВ РҮР дегеніміз не?

Халықаралық Бакалавриаттың Бастауыш Мектеп Бағдарламасы (ІВ РҮР) – төменгі сынып студенттеріне арналған халықаралық мектептің бірыңғай оқу бағдарламасы (3-12 жас шамасында). РҮР бағдарламасы оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыруға, оқыту және бағалау әдістемесіне, студенттердің оқуына спецификалық қатаң талаптар қояды. Оқушыларға жақсы оқу нәтижелеріне жету үшін жоғары талаптар қойылады.

Бала нені оқып біледі?

IV РҮР бағдарламасы тұжырымдық түсінік пен жеке қарым-қатынасты дамытатын білім мен дағдылары арасындағы теңгерім болып табылады. Оған оқу пәндері арқылы қол жеткіземіз:

- Тілдер
- Математика
- Әлеуметтік Ғылымдар
- Жекетұлғалық, әлеуметтік және дене тәрбиесі білімдері
- Өнер
- Ғылым

Білім мен түсінік төменгі пәнаралық тақырыптар арқылы беріледі:

Біз кімбіз

Уақыт пен кеңістікте біздің алатын орнымыз

Біз қалай өзімізді танытамыз

Әлем қалай құрылған

Біз қалай өзімізді ұйымдастырамыз

Планетада біз қалай тіршілік етеміз

Студенттер бастауыш мектептегі оқу барысында 6 тақырыптың әрқайсысын жеке-жеке, егжей-тегжейлі зерттейді. Бағдарлама бойынша зерттеу және ізденіс әрекетін оқудың негізгі қадамы ретінде қолданады.

Сіздің балаңыз нені үйренеді?


- *Маңызды тұжырымдарды терең түсінеді.*
- *Жаһандық және жергілікті мәні бар түсініктерді ізденіс жұмыстарының нәтижесінде өзгерте алады.*
- *Бірқатар дағдылар мен біліктерді іс-жүзінде қолдана біледі (қарым-қатынас жасау, ойлау, өз тәртібі мен өзін өзі ұйымдастыруы);*
- *Қоршаған орта мен адамдарға, оқу-білімге дұрыс көзқарасты қалыптастырады.*
- *Қоғам пайдасы үшін жауапты тапсырмаларға белсенді араласады.*

Ата-ана өз баласына білім алу процесінде қандай көмек көрсете алады?

Бұл бағдарлама бойынша білім алу процесі мектеп пен ата-аналардың, оқушылардың серіктестігі ретінде қарастырылады. Әр мектепте ата-аналардың білім алу процесіне қатысуы әр түрлі дәрежеде болады, дегенмен ата-аналар қолдауының негізі бірдей болып қалады.

Сіз балаңызға төмендегі жағдайларда қолдау көрсете аласыз:

- Мектеппен үнемі байланыс жасаңыздар;
- Кітаптарды бірге оқыңыздар;
- Үй ішінде ана тілін дамытыңыздар;
- Балаңыздың зерттеу жобасын үйлестіріңіздер;
- Мектептің оқу жоспарына байланысты ақпарат беретін жиналыстар мен жалпы ата-аналар жиналысына қатысыңыздар;
- Балаңызға үй тапсырмасын орындау үшін үй ішінде барлық қажетті жағдайды жасаңыздар.



Бастауыш

мектеп ата-аналары мен мұғалімдері Қауымдастығы (РПА)

«Ата-аналар мен мұғалімдері Қауымдастығы» (РПА) «Мирас» мектебінде 1999 жылдың желтоқсан айында ұйымдастырылған. Ата-аналар мен мұғалімдер Қауымдастығы - ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін коммерциялық емес қоғамдық ұйым болып табылады. Оның мүшелері: ата-аналар, балалар, отбасының мүддесін білдіретін ресми тұлғалар, мұғалімдер, мектеп әкімшілігінің өкілдері, қосалқы құрам қызметкерлері.

РПА мақсаттары мен міндеттері

Қауымдастық құрмет пен түсіністік жағдайында оқушының мәдени және ақыл-ой жағынан өсуіне ықпал ететін жақсы дәстүрлерді мектепте қалыптастыруға бағытталған ата-аналар мен мұғалімдердің күш-жігерін біріктіруге, сондай-ақ студенттердің жоғары деңгейлі білім алуына жағдай жасауға ұмтылады.


РПА қызметінің бағыттары

- Жұмысты жалпы үйлестіру (бірлескен шараларды өткізу, мектеп ата-аналарымен байланыс және оларды ақпараттандыру, РПА стендін безендіру, мектеп веб-сайтында РПА беттері үшін ақпараттармен қамтамасыз ету, РПА құжаттарын жүргізу, басқа халықаралық мектеп ата-аналары қауымдастығымен өзара әрекеттесу, РПА жоспарларын қаржыландыру ұйымдары, мектепті жақсарту және т.б.).
- Қауіпсіздік және денсаулық комиссиясына қатысу.
- Мектептің тәрбие беру бағдарламасын қолдауға қатысу.
- Мектептің білім беру бағдарламасын қолдауға қатысу.
- Ата-аналарды мектеп қорларын сақтау және толықтыруға қатыстыру.

Ата-аналармен қарым-қатынас

Мектеп және РПА ата-аналармен байланысты келесі нысандар арқылы жүзеге асырады:

- Ақпараттық хаттар
- Электронды хабарламалар
- Телефон қоңыраулары
- РПА стенді
- Веб-сайт
- Сынып жетекшілері
- Ата-аналар жиналысы



Ата-аналар жиналысы

Ата-аналар комитеті жиналысы ай сайын өткізіледі. РТА төрағасы жиналыстың өткізілу уақыты мен өткізілетін орын туралы хабарлайды. Жиналысқа жұмысты ұйымдастыруға қатысуға тілек білдірушілердің барлығы, ата-аналар мен мұғалімдер шақырылады.

